



«Kazakhstan Bar Association»  
заң-консультанттары палатасының  
Жалпы жиналысының  
2024 жылғы 29 ақпандағы шешімімен  
«БЕКІТІЛДІ»

## **«KAZAKHSTAN BAR ASSOCIATION» ЗАҢ КОНСУЛЬТАНТТАРЫ ПАЛАТАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ СТАНДАРТТАРЫ**

## **1. Жалпы ережелер**

- 1.1 Осы «Kazakhstan Bar Association» Заң консультанттары палатасының (бұдан әрі – KazBar Палатасы) мүшелеріне арналған Біліктілікті арттыру стандарттары «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – бейінді заң) және Палатаның Жарғысына сәйкес әзірленген.
- 1.2 Заң консультанттарының біліктілігін арттыру қажеттігінің негіздемесі әркімнің Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша кепілдік берілген білікті заң көмегін алуға құқығын тиісінше қамтамасыз ету болып табылады.
- 1.3 Заң көмегін көрсету стандарттары Қазақстан Республикасы заңнамасының негізінде заң көмегін көрсету сапасының үздік тәжірибесін енгізу жолымен қамтамасыз етіледі. Заң көмегінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында оны жүзеге асыруға тиісті кәсіптік даярлығы бар және мерзімді түрде өзінің біліктілігін арттыратын тұлғалар жіберіледі.
- 1.4 KazBar Палатасының әрбір мүшесі бейіндік заң мен Жарғының талаптарына сәйкес өзінің біліктілігін арттыруға міндетті.

## **2. Біліктілікті арттырудың міндетті бағдарламасы**

- 2.1 Біліктілікті арттыру бойынша талаптар Қазақстан Республикасында заңгер тәжірибесімен айналысуға тиісті түрде рұқсат етілуге, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы талаптардан босатылмайтын KazBar Палатасының барлық мүшелеріне қолданылады.
- 2.2 KazBar Палатасының мүшелері мен жұртшылық үшін заңгерлердің белсенді заңгерлік тәжірибесінің бүкіл кезеңінде заң білімін алуын жалғастыра отырып кәсіби құзыреттілігін сақтауы өте маңызды. Бұл бағдарламада заң білімі бойынша заңгерлерге қойылатын ең төменгі талаптар белгіленген.

## **3. Ең төмен талаптар**

- 3.1 KazBar Палатасының әрбір мүшесі жыл сайын оқудан өтіп, заң білімін беру бағдарламалары бойынша 8 сағатты құрайтын, кем дегенде бір кредит алуға міндетті. Біліктілікті арттыру пәндері мыналар болуы мүмкін: этика; практикалық машықтар; заңгерлік қызмет менеджменті; құқықтың өртүрлі саласындағы және кәсіби (заң) тәжірибесіндегі білім.
- 3.2 Заң білімін беру курстарына немесе бағдарламаларына аудиторияда, байланыс құралдарын пайдалану арқылы өтетін дәріс немесе семинарлар түріндегі дәстүрлі сабақтар (телеконференция, бейнеконференция, спутниктік хабарлар, бейне немесе аудиотаспалардағы сабақтар, интерактивті бейнематериалдар және қашықтан электрондық түрде берілетін білім беру қызметінің басқа да нысандары), сондай-ақ онлайн компьютерлік курстар кіруі мүмкін.

## **4. Есептілік бойынша талаптар**

- 4.1 Біліктілікті арттыру талаптары таралатын KazBar Палатасының әрбір мүшесі оқудан өткеннен кейін Палатаның Атқарушы органына қатысу туралы сертификатты немесе басқа құжатты ұсынуға тиіс.

**5. Талаптардың сақталмауы**

Үздіксіз заң білімін алу жөніндегі талаптарды сақтамайтын заңгерлер бойынша ақпарат тиісті шара қолдану үшін Заң консультантының қызметін бақылау комитетіне берілуі мүмкін.

**6. Осы Қағидалардың талаптары 2024 жылғы 1 наурыздан бастап күшіне енеді.**